

**Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 қазандағы № 223 "2023-2024 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 9 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабына сәйкес, Түркістан облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2023-2024 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 қазандағы № 223 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Түркістан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жариялағанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Д. Сатыбалды*